

ОТЗЫВ

на диссертационную работу Нагимы Сагидолда на тему:
**«ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА ПОВЫШЕНИЯ
ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА»**,
представленную для присуждения ученой степени PhD по специальности
«6D051000 – Государственное и местное управление» зарубежного научного
руководителя д.э.н., профессора В.Н. Бобкова, г.н.с., заведующего
Лабораторией проблем уровня и качества жизни Института социально –
экономических проблем народонаселения Федерального научно –
исследовательского социологического центра Российской академии наук
(ИСЭПН ФНИСЦ РАН), Россия, г. Москва

Диссертационная работа Нагимы Сагидолда посвящена решению актуальной проблемы повышения демографического потенциала регионов Казахстана. Эта проблематика имеет важное значение как в связи с внутри казахстанскими, так и с цивилизационными изменениями в современном мире. Автор диссертационной работы хорошо понимает, что исторические процессы XX века, затронувшие большинство стран в аспектах трансформации религиозного сознания, в эмансипации женщин, культурном, индустриальном развитии и др. сказались на изменении демографического поведения граждан в Республике Казахстан. Политика, проводимая государством в области демографического развития, столкнулась с рядом проблем социально-политического, экономического, правового характера. Поэтому на современном этапе важно определить стратегические приоритеты и механизмы государственной демографической политики, способствующие устойчивому преодолению демографического кризиса в ряде депрессивных регионов Казахстана.

Диссертационная работа имеет четкую цель - изучение демографического потенциала регионов Казахстана и и выработки предложений для государственной политики его повышения. Диссертация имеет логичную структуру и включает раскрытие теоретических, методологических, методических и практических аспектов решения поставленной проблемы.

Научные положения, выводов и рекомендации, сформулированные в диссертации являются **обоснованными и достоверными**, что подтверждено апробацией результатов исследования. Положения, выносимые Н. Сагидолда на защиту **имеют признаки новизны** и включают уточнение научного понятия «государственная демографическая политика»; формулирование проблемных аспектов становления государственной демографической политики в Казахстане; уточнение классификации объективных факторов демографического развития общества, определивших направления воздействия демографической политики государства на решение

Ресей ғылым академиясы Федералдық ғылыми-зерттеу әлеуметтік орталығының (Ресей, Мәскеу қ.,) Халықтың қоныстануының әлеуметтік-экономикалық мәселелері институтының (РГА ФГЗЭО ХҚЭЭМИ) Өмір деңгейі мен сапасы мәселелері зертханасының меңгерушісі, бас ғылыми қызметкер, шетелдік ғылыми жетекші, э.ғ.д., профессор В.Н. Бобковтың, 6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін беру үшін ұсынылған

**«ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН
КӨТЕРУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫ»**

тақырыбындағы Нағима Сағидолданың диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Нағима Сағидолданың диссертациялық жұмысы Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін көтерудің өзекті мәселесін шешуге арналған. Бұл мәселе Қазақстан ішіндегі, сондай-ақ қазіргі әлемдегі өркениеттік өгерістерге байланысты өте маңызды болып табылады. Диссертациялық жұмыстың авторы діни сананың өзгеру аспектілерінде, әйелдердің эмансипациясында, мәдени, индустриялық дамуда және басқаларында көптеген елдерге әсер еткен ХХ-ғасырдың тарихи үдерістері Қазақстан Республикасындағы азаматтардың демографиялық мінез-құлқының өзгеруіне әсер еткенін жақсы түсінеді. Демографиялық даму саласында мемлекет жүргізіп отырған саясат бірқатар әлеуметтік-саяси, экономикалық, құқықтық сипаттағы мәселелерге тап болды. Сондықтан қазіргі кезеңде Қазақстанның бірқатар тоқырауға ұшыраған аймақтарындағы демографиялық дағдарысты тұрақты еңсеруге ықпал ететін мемлекеттік демографиялық саясаттың стратегиялық басымдықтары мен тетіктерін айқындау маңызды.

Диссертациялық жұмыстың нақты мақсаты бар, ол Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін зерттеу және оны арттырудың мемлекеттік саясаты үшін ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Диссертация логикалық құрылымға ие және қойылған мәселені шешудің теориялық, әдіснамалық, әдістемелік және тағылымдамалық аспектілерін ашуды қамтиды.

Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелер, қорытындылар мен ұсынымдар **негізделген және расталған** болып табылады, бұл зерттеу нәтижелерін апробациялаумен расталады. Н. Сағидолда қорғауға шығарған ережелерде ғылыми **жаналықтың белгілері бар** және «мемлекеттік демографиялық саясат» ғылыми түсінігін нақтылауды; Қазақстанда мемлекеттік демографиялық саясатты қалыптастырудың мәселелі аспектілерін тұжырымдауды; демографиялық мәселелерді шешуге мемлекеттің демографиялық саясатының әсер ету бағыттарын айқындаған қоғамның демографиялық дамуының объективті факторларының жіктелуін нақтылауды; мемлекеттік демографиялық саясатты кешенді дамытудың әлеуметтік-саяси ресурстарын анықтауды және қорытуды; аймақтардың демографиялық әлеуетін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері мен

алгоритмін айқындауды; оларды демографиялық әлеует бойынша жіктеуді және қазақстандық мемлекеттік демографиялық саясатты жетілдірудің басым стратегиялық бағыттарын негіздеуді және зерттеудің бірқатар басқа да бірегей нәтижелерін қамтиды.

Диссертацияда **автордың алған ғылыми нәтижелерінің іс жүзінде қолданылуы туралы деректер және оның ғылыми тұжырымдарын қолдану жөніндегі ұсынымдар** берілген. Диссертация авторы ұсынған шешімдер негізделген және басқа белгілі шешімдермен салыстырмалы бағаланған.

Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері рецензияланған ғылыми басылымдарда жарияланған. Диссертация тақырыбы бойынша 9 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде 3-уі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ЖАК рецензияланатын ғылыми басылымдарында және 1-уі халықаралық деректер базасында индекстелетін ғылыми журналдарда (Scopus, Web of Knowledge және т.б.) және ғылыми қоғамдастық таныған шетелдік тақырыптық деректер базасында индекстелетін ғылыми журналдарда жарияланды. Жарияланымдардың жалпы көлемі 7,83 б.п. құрайды.

Ізденуші демографиялық саясатты мемлекеттік басқару және Қазақстан Республикасы аймақтарының демографиялық әлеуетін көтеру саласындағы зерттеулерді одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар әзірледі.

Біз Н. Сағидолданың зерттеу нәтижелерін жоғары бағалаймыз. **Ізденуші Қазақстан Республикасындағы демографиялық саясатты басқару үшін елеулі маңызы бар жаңа ғылыми негізделген шешімдер мен әзірлемелер баяндалған ғылыми-біліктілік жұмысын қорғауға ұсынды.**

Диссертацияны автор өз бетінше жазған, ол ішкі біртұтастыққа ие, көпшілік алдында қорғауға ұсынылатын жаңа ғылыми нәтижелер мен ережелерден тұрады және диссертация авторының ғылымға қосқан жеке үлесін көрсетеді.

В.Н. Бобков, э.ғ.д., профессор,
Ресей, Мәскеу қ.
19.06.2020

Прямоугольная печать: э.ғ.д., профессор, РФА ФГЗЭО ХҚӘЭМИ бас ғ.к.
В.Н. Бобковтың қолы куәландырылды.

э.ғ.к. РФА ФГЗЭО ХҚӘЭМИ ғылыми хатшысы
_____ О.Н. Махрова

Круглая печать: Ресей Федерациясының Ғылым және жоғары білім министрлігі. Халықтың қоныстануының әлеуметтік-экономикалық мәселелері институты. Ресей ғылым академиясы Федералдық ғылыми-зерттеу әлеуметтік орталығының Федералдық мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекемесінің жеке бөлімшесі (РФА ФГЗЭО ХҚӘЭМИ). ИМТН 1057748899560.

